



1978-1980 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде өзгеше ойлаған «Движение коммунары» астыртын жастар тобы тарихы

З. Сактаганова^a , Ю. Лысенко^b , Ә. Жағыпара^a  

^aЕ.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

^bАлтай мемлекеттік университеті, Барнаул, Ресей

^aЕ.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

^akarakesek334@mail.ru

Аннотация. И.В. Сталиннің «жеке басқа табынушылықты» әшкерелеген «Хрущевтік жылымық» арқылы пайда болған әлеуметтік және саяси иллюзиялар, кеңес қоғамы қуана қабылдаған қоғамдық-саяси өмірдегі шығармашылық және әлеуметтік-саяси белсенділіктің, соның ішінде жастар арасындағы белсенділіктің өсуіне ықпал етті. Қазақстан қоғамында да ерекшеліктер болған жоқ. XX ғасырдың 60-80 жылдарында еліміздің бостандығы мен демократиялануы үшін күресте қазақтардың ұлттық-мәдени жаңғыруына дейін түрлі мақсаттар қоятын жастар ұйымдары пайда болды. Ашық және жасырын келіспеушілік Хрущев пен Брежнев кезеңдеріндегі әлеуметтік дамудың белгілі бір маркеріне айналды. Тарихнамалық шолуда авторлар КСРО-дағы өзгеше ойлаушылардың зерттеу тарихын қарастырады. Брежнев кезеңіндегі өзгеше ойлайтын жастар ұлттық дәстүрлер мен демократиялық құндылықтар жүйесін үйлестіруді, адамның жалпыадамзаттық құқықтары мен бостандықтарын насихаттауды жақтай отырып, қоғамдық-саяси өмірге жаңа өлшем енгізуге ұмтылғанын атап өткен.

Зерттеудің өзектілігі микротарихтың үзінділеріне жүгіну қажеттілігімен байланысты, бұл наразылық қозғалыстарының қалай және неліктен пайда болғанын және өзін танытқанын, диссиденттің жалпы кеңес қоғамының, атап айтқанда, қазақ қоғамының қоғамдық-саяси өміріндегі дағдарыстық жағдайда жинақталған және қалыптасқан құбылыс ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада 1978-1980 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде пайда болған «Движение коммунары» астыртын жастар тобының құрылу және қызмет ету тарихын зерттеу мақсат етіп қойған.

Архивтік құжаттар негізінде (Қарағанды облысының мемлекеттік архиві, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің архиві және т.б.), «Движение коммунары» қозғалысының бұрынғы мүшелерімен сұхбат материалдары арқылы топтың пайда болу себептерін, көшбасшылардың ұстанымын, оның құрамын анықтаған. Осы кезеңде жастардың белең алған жағымсыз көріністерге (тамыр-таныстық, көлеңкелі экономика, сыбайлас жемқорлық) қарсы күресу әрекеті сәтсіз аяқталды.

Осы жастар тобының Орталық Қазақстанда пайда болу себептері анықталды: ГУЛАГ жабылғаннан кейін көптеген бұрынғы саяси тұтқындар өмір сүрген ортаның аймақтық ерекшеліктері; ата-аналары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қозғалыс көшбасшысы мен мүшелерінің отбасы тарихы; қозғалыста студенттер партия жариялаған ұрандар мен «дамыған социализмнің» шындықтары

арасындағы қарама-қайшылыққа наразы болған ең білімді және белсенді жастар тобының өкілдері ретінде болды (жалпы тапшылық, ұрлық пен талан-таражыға салу, әлеуметтік әділетсіздік, билік номенклатурасының артықшылықтары және т.б. қоғамда белсенді түрде көріне бастады). Жастардың қарсыласу жағдайлары мен билік пен күш құрылымдарының топ жетекшілері мен мүшелеріне қысымы толығымен зерттеліп, «Движение коммунары» тобының негізгі қайраткерлерінің тағдырлары көрсетілген.

Түйін сөздер: қоғамдық-саяси өмір; жастар қозғалысы; жастар ортасындағы өзгеше ойлау; наразылық қозғалыстары; «Движение коммунары»

Сілтеме жасау үшін: Сактаганова З., Лысенко Ю., Жағыпар Ә. 1978-1980 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде өзгеше ойлаған «Движение коммунары» астыртын жастар тобы тарихы. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Т.150, no.2, 6.125-146. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-125-146>

Қаржыландыру көзі. Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «1920-1930 жылдардағы Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін» гранттық қаржыландыруы жобасы аясында жүргізілді (ИРН АР23486898).

History of the underground youth group “Dvizhenie Kommunary” at the Karaganda State University in the years 1978-1980

Z. Saktaganova^a, Y. Lysenko^b, A. Zhagypar^a

^a*Of Karaganda University named after: E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan*

^b*Altai State University, Barnaul, Russian*

^a*Buketov Karagandy University, Karaganda, Kazakhstan*

Abstract. Social and political illusions generated during the “Khrushchev decade” by the exposure of the “personality cult” of I.V. Stalin, the thaw in socio-political life, which was enthusiastically accepted by Soviet society. This shift contributed to a surge of creative and socio-political activity, including among young people. Kazakh society was no exception. In the 1960s–80s, youth organizations emerged. They set various goals: from the struggle for freedom and democratization of the country to the national and cultural revival of the Kazakhs. Open and latent dissent became a certain marker of social development during the Khrushchev and Brezhnev periods. In the historiographical review, the authors examine the history of the study of dissent in the USSR. It is noted that dissenting youth of the Brezhnev period sought to introduce a new dimension into socio-political life, advocating for the harmonization of national traditions and a system of democratic values, and the promotion of universal human rights and freedoms.

The relevance of the study is associated with the need to turn to fragments of microhistory, allowing us to understand how and why protest movements arose and manifested themselves, dissent, as a phenomenon that accumulated and formed a crisis background in the socio-political life of Soviet society in general and Kazakhstani society in particular. The article sets the goal: to study the history of the creation and functioning of the underground youth group “Dvizhenie Kommunary”, which arose at the Karaganda State University in 1978-1980.

Based on archival documents (State Archives of the Karaganda Region, archives of the Karaganda University of the name of E.A. Buketov, etc.), interview materials with former members of the “Dvizhenie

Kommunary”, the circumstances of the group's emergence, the leaders' positions, and its composition are revealed. The attempt of young people to fight against the negative manifestations (blat, shadow economy, corruption) that flourished during this period failed. The reasons for the emergence of this youth group in Central Kazakhstan were identified: regional characteristics of the environment, where many former political prisoners lived after the closure of the GULAG; the history of the family of the leader and members of the movement, whose parents survived political repression; students found themselves in the movement as representatives of the most educated and active youth group, dissatisfied with the contrast between the slogans proclaimed by the party and the realities of “developed socialism” (total deficit, theft and embezzlement, social injustice, privileges of the ruling nomenklatura, etc. began to actively manifest themselves in society). The circumstances of the confrontation between young people and the pressure from the authorities and security forces on the leaders and members of the group have been studied in sufficient detail, and the fates of the main figures in the “Dvizhenie Kommunary” have been tracked.

Keywords: socio-political life; youth movements; dissent among young people; protest movements; “Dvizhenie Kommunary”

For citation: Saktaganova Z., Lysenko Y., Zhagypar A. History of the underground youth group “Dvizhenie Kommunary” at the Karaganda State University in the years 1978-1980. *Gumilyov Journal of History*. 2025. T.150, no.2, pp.125-146. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-125-146>

История подпольной молодежной группы «Движение коммунаров» в Карагандинском государственном университете в 1978-1980 годах

З. Сактаганова^а, Ю. Лысенко^б, Ә. Жагыпар^а

^аКарагандинский университет им. Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан

^бАлтайский государственный университет, Барнаул, Россия

^аКарагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Аннотация. Социальные и политические иллюзии, порожденные в «хрущевскую декаду» разоблачением «культа личности» И.В. Сталина, оттепель в общественно-политической жизни, которую с восторгом приняло советское общество, способствовали всплеску творческой и социально-политической активности, в том числе и в молодежной среде. Не стало исключением и казахстанское общество. В 60-е – 80-е годы XX века появляются молодежные организации, которые ставят различные цели: от борьбы за свободу и демократизацию страны до национально-культурного возрождения казахов. Открытое и латентное инакомыслие становится определенным маркером общественного развития в хрущевский и брежневский периоды. В историографическом обзоре авторы рассматривают историю изучения инакомыслия в СССР. Отмечают, что инакомыслящая молодежь брежневского периода стремилась внести новое измерение в общественно-политическую жизнь, выступая за гармонизацию национальных традиций и систему демократических ценностей, за пропаганду общечеловеческих прав и свобод человека.

Актуальность исследования связана с необходимостью обращения к фрагментам микроистории, позволяющим понять, как и почему зарождались и проявлялись протестные движения,

инокомыслие, как явление, накопившиеся и составившие кризисный фон в социально-политической жизни советского общества в целом и казахстанского общества, в частности. В статье поставлена цель: изучить историю создания и функционирования подпольной молодежной группы «Движение коммунаров», возникшей в Карагандинском государственном университете в 1978-1980 годах.

На основе архивных документов (Государственного архива Карагандинской области, архива Карагандинского университета им. Е.А. Букетова и др.), материалов интервьюирования с бывшими членами «Движения коммунаров» выявляются обстоятельства возникновения группы, позиции лидеров, ее состав. Попытка молодых людей бороться против негативных проявлений (блата, теневой экономики, коррупции), расцветавших в этот период закончилась неудачей. Выявлены причины возникновения данной молодежной группы в Центральном Казахстане: региональные особенности среды, где проживало немало бывших политических заключенных после закрытия ГУЛАГа; история семьи лидера и членов движения, родители которых пережили политические репрессии; в движении оказались студенты, как представители самой образованной и активной молодежной группы, недовольной контрастом между провозглашаемыми партией лозунгами и реалиями «развитого социализма» (тотальный дефицит, воровство и хищения, социальная несправедливость, привилегии властной номенклатуры и др. стали активно проявляться в обществе). Достаточно детально изучены обстоятельства противостояния молодежи и давления властных и силовых структур на лидеров и членов группы, отслежены судьбы основных фигурантов «Движения коммунаров».

Ключевые слова: общественно-политическая жизнь; молодежные движения; инакомыслие в молодежной среде; протестные движения; «Движение коммунаров»

Kіріспе

И.В. Сталиннің «жеке басқа табынушылықты» әшкерелегеннен кейін өзгеше ойлаушылар КСРО қоғамдық-саяси өмірінде белең ала бастады. Мақаламызды біз қарастырғалы отырған «өзгеше ойлау» терминіне анықтама беруден бастасақ. Ана тілімізде «өзгеше ойлау», орыс тілінде «инакомыслие», ағылшын тілінде «dissent» деп аталады. Орыс тілінің сөздігінде «Инакомыслие» – ресми идеология мен саясаттан бас тарту, келіспеушілік, басым пікір мен сенімге қарсы тұру (Ефремова 2000). Қазақ тілінің сөздігінде «инакомыслие» «басқаша ойлау» деп аударылған (Русско-казахский словарь 2005: 322). Соған орай Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) академиялық басылымында «басқаша ойлау» деп көрсетілген (Бұрханов, Аяған 2010: 583; Аяған 2010: 598–600).

Осы тақырыпқа отандық тарихнамада алғашқылардың бірі болып Ж. Кыдыралина: «Диссиденттік» және синонимдік «өзгеше ойлау» терминдері – географиялық және әлеуметтік сенімділікке уақытша ие 1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың аяғындағы жартылай заңды құқық қорғау қызметімен және «өз өзіне баспагерлікпен» айналысатын негізінен астаналық Мәскеу зиялыларының шағын тобы», – деп анықтама береді (Кыдыралина 2008: 262). Шетелдік авторлар ұжымы: «Dissent» терминінің протестанттық реформациямен, ал соңғы кездері авторитаризмге қарсы саясатпен және қырғи қабақ соғыс кезіндегі адам құқықтарымен байланысты ерекше және бай тарихы

бар» дейді (Amarasuriya et al. (eds.) 2020). Кеңестік кезеңнің әр жылдары антикеңестік қызметпен айналысқан адамдарды «халық жауы», «ұлтшылдар» «буржуазиялық-ұлтшылдық», «өзгеше ойлаушылар», «ревизионистер» және т.б. деп қаралады.

Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлеріне арналған сөздікте: «Антикеңестік қызмет – социалистік елдердің мемлекеттік және қоғамдық жүйесіне қарсы бағытталған және оларды құлату, бұзу немесе әлсірету әрекеттерімен көрінетін қызмет. Антикеңестік қызметке капиталистік және басқа шет мемлекеттердің арнайы қызметтерінің, реакциялық, антисоциалистік эмигранттық ұйымдардың, сондай-ақ социалистік елдер ішіндегі контрреволюциялық, буржуазиялық-ұлтшыл, ревизионистік элементтердің Социалистік жүйесіне қарсы диверсиялық қызметі кіреді», – қарастырылған (*Контрразведывательный словарь* 1972: 86–87). Сондықтан да біз жоғарыда келтірген деректерге сүйене отырып «инакомыслие» терминінің сөздіктегі мағынасын толық ашатындықтан және қазақ тілінің құрылымына жатық сөз «өзгеше ойлау» деп қарастырғанды дұрыс көреміз.

Осы турасында еліміздің академиялық баспасында: «...Қазақстанның жаңаша тарихында басқаша ойлағаны, саяси оппозициясы үшін Қазақстан азаматтарына әділ емес біршама сот жүргізілді, әрі сотталғандардың құрамы интернационалды болды, бірақ нақты мұрағаттық деректердің болмауы Қазақстанда орын алған жасырын оппозиция тақырыбын кеңірек ашуға толық мүмкіндік бермей отыр», – деп мәселенің өзектілігін көрсетеді (Аяған 2010: 598). Бұдан шығатын қорытынды Отандық тарихта «өзгеше ойлайтын» жастар құрған топтар тарихы әлі де толық зерттелмегенін көреміз. Отандық тарихнамада XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы «өзгеше ойлайтындар» тақырыбы аз зерттелген, зерттеушілер ұсынған нұсқалар нақтылауды қажет етеді, қазақстандық классификация толық жасалмаған. Сондықтан да, біздің осы мақаланы жазудағы мақсатымыз 1978-1980 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде құрылған «Движение коммунары» жастар тобының құрылу және қызмет ету тарихын зерттеу.

Материалдар мен әдістер

1978-1980 жылдары аралығында өмір сүрген «Движение коммунары» астыртын жастар тобына қатысты архивтік материалдар мен сұхбаттар алғаш рет жарияланып және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған деректер жинақталып, талданды. Мақаланы жазу барысында төмендегі деректер тобы қолданылды: бірінші – іс қағаздары; екінші – жеке іс-қағаздар; үшінші – мерзімді баспасөз; төртінші – сұхбаттар; бесінші – фото материалдар.

Осы мақаланы жазу барысында облыстық Қарағанды облысы мемлекеттік архив пен өңірлік академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті архив материалдарын пайдаландық.

Бұл жарияланымның негізгі архивтік деректері ретінде «Движение коммунары» жастар тобы мүшелерінің ісі комсомол комитетінің Қарағанды мемлекеттік университетінде 1980 жылы 27 мамырда өткен кеңейтілген отырысының мәтін іс қағаздары Қарағанды облысы мемлекеттік архивінің (ҚОМА) 538 қордағы 1 тізімде 122 ісінен алынды. ҚарМУ комсомол комитетінің 1980 жылғы 27 мамырдағы шешімінің күшін жою туралы Қарағанды мемлекеттік университеті комсомол комитеті пленумының 1989 жылғы 27 қазандағы №6 хаттамасы 538 қордағы 1 тізімде 222 істен алдық.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті архив қорларында сақталған жеке іс-қағаздары зерттелді. Атап айтқанда 764 қордың 2 тізімдемесіндегі 701 – 1981 жылы бітірген заң факультеті түлегі Азат Баттаковтың жеке ісі, 703 – 1981 жылғы заң факультетін бітірген Борис Парсеговтің жеке ісі, 705 – 1981 жылдың заң факультеті күндізгі бөлімін аяқтаған Сергей Кимнің жеке ісі, 787 – 1982 жылғы заң факультетін бітіруші студент Сауле Токтамысованың жеке ісі, 789 – 1982 жылғы заң факультетін аяқтаған студент Евгений Фоменконің жеке ісі, 881 – 1983 жылғы заң факультетін тәмамдаған студент Тариверди Пиранидің жеке ісі, 916 – 1984 жылғы физика факультеті күндізгі бөлімін бітіруші студент Игорь Кузнецовтің жеке ісі, 919 – 1984 жылғы физика факультеті бітірушілерінен Сабыржан Мадеевтің жеке ісі, 3576 – 1980 жылы тарих факультетін аяқтаған студент Эмма Усманованың жеке істеріндегі құжаттарды пайдаландық.

Мерзімді баспасөз материалдарынан 1989 жылғы «Ленинская смена» газетіндегі С. Кохановтың «Души прекрасные порывы, или история о том, как «альма-матер» объявила своих питомцев неблагонадежными» атты мақаласын пайдаландық.

Мақала авторларының бірі Әділет Жағыпардың «Движение коммунары» жастар тобы негізін қалаған Борис Парсегов және топ мүшесі Эмма Усмановамен болған сұхбаттарды қолдандық. Борис Парсеговпен сұхбат барысында алынған фото материалдар мақалаға қойылды.

Алдымызға қойған мақсатымызға жету үшін жалпы ғылыми әдістермен қатар, арнайы тарихи әдістер де қолданылды. 1970 жылдың аяғы мен 1980 жылдың басындағы КСРО-да болған үдерістердің Қазақ КСР-дегі қоғамдық-саяси өмірге әсерін зерделеуде салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Елдің саяси және идеологиялық жағдайынан туындаған үдерістер байланысын, соның ішінде өзгеше ойлаушылар мен қоғамның өзара байланысын түсінуде құрылымдық әдіс қолданылды. 1978-1980 жылдары Қарағанды қаласында «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерінің жынысын, жасын, ұлтын, комсомолда болғандарын, факультеті мен курсының динамикасын талдауда статистикалық әдіс пайдаланылды. «Движение коммунары» астыртын жастар тобы құрамында болған екі азаматтан, оның ішінде ер мен әйел адамнан алынған нарративті сұхбатты толық түсіну үшін ауызша тарих және сұхбат әдісін пайдаландық.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы тарихы тарих ғылымындағы бағыт микротарих болып табылады. Қарапайым халықтың күнделікті өмірі, олардың оқыған, көрген заттары, алған білімі, тұрған ортасы, олардың тұлға ретінде қалай қалыптасқаны және қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынас пен кіші адамдардың үлкен тарихқа әсерін анықтау үшін микротарихтың микроаналитикалық тәсілдермен өткен әлеуметтік шындық зерттелді.

Әдеби шолу

Өзгеше ойлау туралы КСРО-да алғашқы еңбек жазған Л. Алексеева өзінің «История инакомыслия в СССР: новейший период» 3 басылымында: «тәуелсіз қоғамдық қозғалыстарды ұлттық (орыс, украин, литва, эстон, латыш, армян, грузин, Қырым татарлары, неміс, түрік-месхет қозғалыстары), діни (баптистер, елуіншілер (пятидесятник), адвентистер, православтықтар), құқық қорғаушылар, социалистер», –

деп классификациялайды (Алексеева 2012: 384). Автор еңбегінде сол кездегі ҚазақКСР-дегі бірде-бір өзгеше ойлайтын бір астыртын ұйымды көрсетпегенін көреміз. Бұл біздің ойымызша авторға ақпараттың қол жетімсіздігінен деп санаймыз, өйткені осы кітапты жазған кіріспесінде «Свобода» мен «Мемориал» деректері мен естеліктермен өзінің құқық қорғау саласындағы тәжірбиесіне сүйене отырып жазғанын және архив деректерін қарамағанын айтады.

Елімізде ХХ ғасырдың 40-80 жылдарында өзгеше ойлаған жастардың астыртын топтары мен ұйымдары болғандығын Ж. Кыдыралина өз зерттеуінде көрсетеді. Олар 1940 ж. Оралда «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» астыртын жастар ұлттық ұйымы, 1940-1942 жж. Қарағандыда «ЕСЕП» тобы, 1951 ж. Алматыда «Елін сүйген ерлер партиясы» ұлттық тобы, 1961 ж. Шымкентте «Қазіргі жастар корпорациясы», 1962 ж. Щучинскіде «Ақылды балалар коммунасы», 1961-1962 жж. Қарағандыда «Жас қазақ», 1962 ж. Павлодарда «Кеңес өкіметіне қарсы күрес», 1963 ж. Мәскеуде «Жас тұлпар» шығармашылық бірлестігі, 1969 ж. Павлодарда «Жас ұлан» астыртын жастар ұйымы, 1969 ж. Алматыда «Ұшқын» қазақ жастар ұйымы, 1969 ж. Өскемен мен Семей облыстарында «Ұлттық кадрлар үшін әділеттілік» тобы, 1972 ж. Шымкентте «Адыр қасқырлары» тобы, 1973 ж. Алматыда «Сарыарқа» ұйымы, 1977 ж. «Жас қазақ» ұлттық-демократиялық ұйымы құрылған (Кыдыралина 2008: 204-272).

Кеңестік кезеңде қоғамдық-саяси мен күнделікті өмірде орын алып жатқан мәселелерді шешу жолында астыртын топтар мен ұйымдар құрған жастар болды. Сондай «Движение коммунары» жастар тобы Қарағанды қаласында 1978-1980 жылдары өмір сүрді. Топ тарихнамасын қарастырғанда біз қолымызға алғашқы болып еліміздің академиялық бес томдықтың 4 томын (Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) 2010: 752), одан кейін біздің қарастырып отырған тақырыптарда қалам сермеген Ж.Б. Абылхожин (Абылхожин 2019: 468), А. Абдакимов (Абдакимов 1994: 235), О. Смағұлов (Смағұлов 2020: 400) және осы тақырыптарда докторлық диссертациялар қорғаған Ж.У. Кыдыралина (Кыдыралина 2008: 400) мен Б.С. Сайлан (Сайлан 2010: 339) еңбектері сол кезеңнің қоғамдық-саяси өмірі, өзгеше ойлаған жастар қозғалыстарын жазғандарымен құнды және Ресей Федерациясында қорғалған ғылыми жұмыстар И.А. Романкинаның (Романкина 2007: 197), С.Ш. Казиевтің (Казиев 2015: 549) мен Болгария, Венгрия, Польша, Румыния, Чехославакия, Югославия елдерінің 1970-1980 жылдардың бірінші жартысындағы архив құжаттарында (Анатомия конфликтов 2012: 736), 1960 жылдардың аяғы мен ХХ ғасырдың 80 жылдары аралығындағы Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдеріне арналған ғылыми мақалалар жинағында (Инакомыслие в условиях «реального социализма» 2014: 728) «өзгеше ойлаған» жастар топтары мен ұйымдары, жеке азаматтардың іс-әрекеттерін талдап жазған деректері көп болғанымен де, «Движение коммунары» жастар тобы туралы мәліметтер зерттеушілер назарынан тыс қалған. Қазақстандық және шет елдік зерттеушілердің еңбектерінде тасада қалып қоюының себебі біздің ойымызша микротарих болғандықтан және архив деректерінің қолжетімсіздігінен деп санаймыз.

Тек 1989 жылы 29 желтоқсанда Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің органы «Ленинская смена» газетінде С. Кохановтың мақаласы «Движение коммунары» жастар тобы жайлы жазылған тұңғыш және соңғы жазба (Коханов 1989: 2). Мақалада деректік қоры мол болғанымен, газеттік материал болғаннан кейін сол қолданылған архив

деректерге сілтеме жасамай беріледі. Сондықтан да толық астыртын жастар тобы тарихы ғылыми тұрғыдан ашылған деп айта алмаймыз.

Нәтижелер

«Движение коммунары» жастар тобы 1978-1980 жылдары Қарағанды қаласында өмір сүрді¹. Топтың тарихын зерттеу үшін «Движение коммунары» жастар тобы қалай құрылғанын, алдына қандай мақсаттар қойғанын түсіну керек.

«Движение коммунары» жастар тобы негізін қалаған Борис Парсеговтің әкесі КСРО ҚК 59 бабы бойынша 15 жыл сотталғаннан кейін, атасы Парсегов Борис Давидовичтің тәлім-тәрбиесінде өседі. Атасы Борис туғанда 70 жаста болған. Ол да қуғын-сүргін көрген жағасын көрген жан ретінде, өзінің басынан өткерген революция, 1930 жылдар жайлы айтқанымен де бала Бористе ешқашан жастайынан ауытқулар болмаған. Өйткені көпті көрген атасы немересін кеңестік тәрбиеде тәрбиелеген. Оған қоса анасы Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан және мемлекеттік қауіпсіздік қызметкері болған. 9 мамырда майдангер достары келсе, 1 мен 7 қарашада оның бұрынғы түрмеде жұмыс істегенде тұтқында болған достары келгендігін Борис жастайынан көріп өскен (Жағыпар және Парсегов 2025). 1975 жылы оқуға түсерде жазған өтінішінде әкесі Быков Анатолий Николаевич зейнеткер, анасы Парсегова Эмма Борисовна тіс дәрігері деп көрсеткен².

Бала Бористің таным көкжиегінің өсуіне, өз көзқарасының қалыптасуына үлкен әсер еткен Қарағандыдағы көршісі Емьян Емьянович Сташкин болған. Е. Сташкин халық жауымен байланыста болғаны үшін өзі де түрмеде отырған. Қайтыс болатын 1979 жылға дейін көршісі Бористе тәлімгерлік жасаған (Жағыпар және Парсегов 2025).

1975 жылы 20 маусымда №49 мектепті бітіргенде сынып жетекшісі, комсомол ұйымдастырушысы мен директоры қол қойған мінездемеде Бористің сондай алғыр, саяси сауатты болғандығын және қоғамның кеңестік идеологияны бойына тамаша сіңіргенін көрсетеді².

Қарағанды мемлекеттік университетінің 1975 жылы 21 тамыздағы №1569 бұйрығы бойынша заң факультетінің «Құқықтану» мамандығына оқуға түседі².

Оқуға түскеннен кейін 1977 жылы көрші тәлімгері Е. Сташкин марксистік- лениндік бағытты ұстанған М.Н. Рютиннің манифесті (На колени не встану 2023) және КОКП ОК бірінші хатшысы Н.С. Хрущевтің КОКП XX съезіндегі баяндамасының толық мәтінімен Бористі таныстырған. (Хрущев 1956) Осы кездегі өзінің көңіл-күйін: «Я убеждённый марксист-ленинец, точно знающий, что Сталин и его команда – это враги народа, которые уничтожили всё, что есть хорошего в СССР. Хрущёв пытался вернуться к истокам, не получилось, а Брежнев, его политбюро я расценивал как оппортунистов, потому что говорили хорошие слова, везде висели замечательные лозунги, но как-то вот жизнь показывала, что эти лозунги не для нас, не для народа, но не для тех, кто их вешает вещами», – деп көрсетеді (Жағыпар және Парсегов 2025).

Студент Борис болашақ заңгер болса да, университетте филология факультетінің оқытушысы С.А. Матяш басқаратын «Бригантина» кейін «Гренада» аталған үйірмесі оның достар табуына және өмірлік көзқарасының қалыптасуына көп әсерін берген. Астыртын топ алғышарттары студент Бористің ойында қалыптаса бастағанда тағы да өмірінде маңызды оқиға орын алады. Заң факультеті комсомол ұйымының хатшысы

А. Коновалов 1978 жылдың жазында Сібірге соның ішінде Красноярск қаласына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бригада жасақтайды. Құрамында А. Коновалов, Б. Парсегов, Жанайдаров, А. Батаков, Л. Дударева, Н. Осипова, Т. Тхаржевская болады. Үгіт бригадасы құрамында Красноярск өлкесі Шушенское ауылында бес күн бойы концерт пен дәрістер оқып, кешке бүкіл Кеңес Одағынан оның ішінде Балтық жағалауы, Украина мен Петербург сияқты қалалардан келген жастармен әңгімелесіп, олардан «СМОГ» астыртын әдеби бірлестігі туралы толық ақпарат алады ([Жағыпар](#) және Парсегов 2025). «СМОГ» астыртын әдеби бірлестік жайлы: «...середине 60-х годов зародилось первое неофициальное литературное объединение, отражавшее все ее достоинства и недостатки. Эта литературная группа назвала себя «СМОГ», что расшифровывалось двояко: «Смелость, Мысль, Образ, Глубина» или (чаще) «Самое Молодое Общество Гениев», – дейді ([Алексеева](#) 2012: 211). Осыларды естіп алған Борис жанындағы жеті студенттен өзі сияқты өзгеше ойлайтын Азатты табады.

Азат Баттаковтың 1976 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне оқуға түсер кезде Қарағанды қаласының Ленин ауданындағы (қазіргі Қазыбек би) 63 мектептің директоры мен комсомол ұйымдастырушысы қол қойған мінездемеде Азаттың кітап көп оқитынын, саяси сауатты, халықаралық жағдайды жақсы білетінін көрсеткен³. Сібірде жүріп бірін-бірі тапқан қарағандылық студенттер Борис пен Азаттың ұқсастықтары өздері бітірген мектептерінен берілген мінездемелерінен байқауға болады. Осы оқиға саяси сауатты екі студенттің бірігуімен астыртын топ құруға түрткі болып, уағдаласып Қарағандыға қайтады.



Фотосурет 1. Солдан оңға қарай белгісіз,
Борис Парсегов, Азат Баттаков
1978 жыл Красноярск өлкесі

Photo 1. From left to right unknown,
Boris Parsegov, Azat Battakov
1978 year Krasnoyarsk region

«Движение коммунары» астыртын жастар тобын құруға Азат, Сергей Ким, Витя Керермен 1978 жылы 15 қазанда Бористің пәтерінде сөйлесіп, әділеттілік үшін күресуге бел байлайды ([Жағыпар](#) және Парсегов 2025).

Кітапты көп оқитын жандар өздері құрған астыртын топқа ат қоятын кезде Азат «Движение 15 октября» деген нұсқаны ұсынады, бірақ А. Стругацкий и Б. Стругацкийдің «Трудно быть богом» кітабындағы диалогтан: «Останемся коммунарами», – деген сөзін оқып «Движение коммунары» деп астыртын жастардың топ атауын қояды ([Стругацкий А., Стругацкий Б. 1963: 94](#)). С. Кохановтің пікірінше астыртын жастар ұйымы деп

атайды (Коханов, 1989:2), ал біз орыс тілінде атауын қазақ тіліне аудармай «Движение коммунары» астыртын жастар тобы деп атағанды дұрыс санаймыз. Оған негіз Қарағанды облысы мемлекеттік архив құжаттары болып табылады^{1;4}.

Архив құжаттары мен сұхбаттар барысында алынған деректерді саралай отырып топ мақсатын айқындасақ. «Движение коммунары» астыртын жастар тобының мақсаты – әлемнің барлық жерінде коммунизмді орнату арқылы социалистік мемлекет құру^{1;4}. Осы мақсатқа жету жолында міндеттер – интербригадалар жіберу арқылы социалистік революциялар жасау және кеңестік қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан келеңсіз жағдайларға бей-жай қарамай, марксистік-лениндік принциптерге сүйене отырып, әлеуметтік әділеттілік үшін күресу. 1979 жылы Кеңес әскері Ауғанстан жеріне кіргенін топ мүшелері өздерінің мақсат-міндеттерінің орындалғанындай көріп, қолдаған^{1;4} (Жағыпар және Парсегов 2025). Топ мүшелері КСРО болып жатқан сыртқы және ішкі жағдайларға мән беріп өз көзқарастары мен бағаларын беріп отырған. Біздің ойымызша «Движение коммунары» астыртын жастар тобы жетекшісі – Борис Парсегов, оның орынбасары Азат Баттаков және Сергей Ким, Сауле Токтамысова, Евгений Фоменко, Тариверди Пирани, Игорь Кузнецов, Сабыржан Мадеев, Эмма Усманова және т.б. топ мүшелері деп санаймыз.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы КСРО өзгеше ойлаушылардың екі түріне жатады. Оны түсіну үшін Л. Алексеева еңбегіне сүйенеміз, құқық қорғаушылар қозғалысының пайда болуын «ұжымның мүддесі үшін» немесе «бүкіл адамзаттың жарқын болашағы» үшін заңсыздық, қатыгездік пен жеккөрушілік жағдайында өмір сүрген адамдардың тәжірибесімен байланыстырады (Алексеева 2012: 205). Хельсинкий кезеңі деген тараудың «1978-1979 жылдары пайда болған тәуелсіз қоғамдық бірлестіктер» тармақшасында 1976 жылы 24 ақпанда Ленинград қаласында марксизм негізінде «бар қоғамды өзгертуге бағытталған» коммунизмге қол жеткізуді көздеген «Ленинград мектебі» аталған топ ұсталғандығын және 1979 жылы желтоқсанда әлемдегі барлық зұлымдықтар – мемлекеттің, жеке меншіктің және отбасының қатысуымен және адамзатқа қарсы күресті жою үшін әлемдік ұйымға бірігуге шақырып, парақшалар таратқан «Революциялық Коммунарлар одағы» (жұмысшы Владимир Михайлов, суретші Алексей Стасевич және студент Алевтина Кочнева) жастар тобының мүшелеріне қатысты сот процесі өткенін жазады. (Алексеева 2012: 205-326). Айтылғандарды саралай келе, біріншіден, «Движение коммунары» астыртын жастар тобының әлемде коммунизмді орнатамыз деген мақсаттары жоғарыда Ленинград қаласындағы жастардың ойларымен сәйкес болғандықтан, өзгеше ойлаған құқық қорғаушылар қозғалысының тәуелсіз қоғамдық бірлестіктер түріне жатқызуға болады.

Екіншіден, «Движение коммунары» астыртын жастар тобын өзгеше ойлаған социализм түріне жатқызуға болады. Оған өзгеше ойлаған социалистер турасында Л. Алексееваның тұжырымы: «Партиялық-демократиялық тұжырымдамада Ленин кезеңіндегі партия құрылған сәттен бастап, кем дегенде 20-шы жылдардың басына дейін ленинизм мен большевиктердің саясатын «дұрыс» деп таниды және «сталинизмді» қабылдамайды, Сталин мен оның айналасындағыларға Кеңес мемлекетінің социалистік мәнін бұрмалағаны үшін кінәлайды», – дәлел болады (Алексеева 2012: 328). Автордың айтуынша өзгеше ойлаған социалистер барлығы жастар болған астыртын және жартылай астыртын үйірмелер мен ұйымдар ұйымдастырған. Әр үйірме өз алдына жеке

жұмыстар жасады, тек кейбіреуі ғана басқа үйірмелермен қарым-қатынаста. Соғыстан кейінгі жаңа ұрпақтың бұл жастары шынайы марксистер, социалистер және патриоттар болды, олар қолданыстағы жүйені құлатуға емес, оны «нағыз» «лениндік» социализмге немесе «югославиялық үлгідегі» реформа сияқты жақсартуға тырысты (Алексеева 2012: 332). Осындай сәйкестіктерді «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерінің істерінен саралап көре аламыз: «жеке басқа табынуды» әшкерелеген, И. Сталиннің туғанына 100 жылдығы аясында ресталинизацияны сынап конференция өткізгісі келген, ең бастысы олар марксистік-лениндік ілімді бойларына сіңірген нағыз патриоттар болды.

Төрт адамнан басталған астыртын топ өз қатарларына студенттерді тартады. Олардың ішінде Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері Эмма Усманова, Игорь Кузнецов, Сауле Токтамысова, Евгений Фоменко, Тариверди Пирани мен Қарағанды мемлекеттік медицина институтынан Ремхев және тағы да басқалары болған. Э. Усманова осы астыртын топқа қалай кірдіңіз деген сұрағымызға «Біз жастық шақта едік. Жас болдық. Біз әлемді өзгерткіміз келді. Біз әлемді ең жақсы орынға айналдырғымыз келді», – деп жауап берді (Жағыпар және Усманова 2023). Зерттеу жұмысын жүргізу барысында біз Б. Парсегов пен Э. Усманова екеуінен алынған сұхбаттарды пайдаландық. Өйткені, архив құжаттарында аттары аталған адамдардың көпшілігінің орналасқан жері бізге беймәлім және кейбір топ мүшелері бүгінгі таңда Қазақстаннан тыс жерде тұрады. Мысалы, А. Баттаков қазір Майамиде және И. Березин Израильде өмір сүреді (Жағыпар және Усманова 2023).

Басқа да Қарағандының оқу орындарындағы мүшелері туралы: «Политех знал о контакте только с Сауле, мы его видели, у нас были псевдонимы, мы обращались по ним», – дейді (Жағыпар және Парсегов 2025). Политех қазіргі таңдағы Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті болып табылады. Осы бүркеншек есімдер жайлы «Баск» ұйымды басқарды, «Светлячок» идеологияға жауапты, «Винни» қауіпсіздік қызметінде болған (Коханов 1989: 2). Э. Усманова тарих факультетінде оқығандықтан өзінің бүркеншек есімі «Скиф» болғандығын айтқан болатын (Жағыпар және Усманова 2023). Бұл жердегі «Баск» – Б. Парсегов, «Светлячок» – С. Токтамысова, «Винни» – А. Баттаков еді.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобының бағдарламалық құжаттары мен жарғысы біз қараған архивтерде толық сақталмаған. Тек бағдарламалық құжаттарының үзінділері ғана берілген. Олар авторлық түпнұсқасында сұхбат алған екі топ мүшесінің қолында да қалмаған. Топтың жарғысын Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы жарғысынан көшіріп жасаған және сол кірген мүшелерден КОКП-дағы сияқты мүшелік жарналар алып отырған. Сол мүшелік жарнаны Борис Парсегов 80 адам төлеп отырғанын айтады (Жағыпар және Парсегов 2025). Жарна туралы Бекбулатов жұмыс істегендер мен шәкіртақы алғандар 1 рубльден төлеген¹. Ал Палаткин болса жарна төлеуден бас тартқан¹. Топ жетекшісі Б. Парсегов сұхбат барысында мүшелік жарна төлеген 80 адамның аты-жөнін айтпауының екі түрлі себебі болуы мүмкін. Біріншісі, 80 адам топта болған жоқ. Екіншісі, сол адамдардың аты-жөнін көпшілікке жариялауды қаламауынан деп санаймыз.

Қабылдау комиссиясында отырып келген абитуриенттерге Герт, Солженицын, Некричтерді оқыдыңыз ба деп сұрап, оқыған болса өздерінің тізімдеріне қосып, түскен

жағдайда өз қатарларына тартқан (Жағыпар және Парсегов 2025). Мектеп оқушыларын да, соның ішінде №16 мектепте педогогикалық отрядтар құрып өз жақтастарын көбейткісі келгенін Палаткин сөйлеген сөзінде айтады¹. Олар қабылдау комиссиясында жұмыс істегеннен Қарағанды мемлекеттік университетіне түскен студенттің кім арқылы келгенін, кімнің туысы, кімнің қорғауында болғандығы жайлы схема жасап таратқан, ол жасағандары сол кезде қолдан қолға өтіп жылдам тарап кеткен.

Жиналған деректер бойынша «Движение коммунары» астыртын жастар тобы қандай іс-әрекеттерге барғанын саралап көрейік:

біріншіден, адамдарды басқару үшін топтың жарғысы мен бағдарламасын жазған;

екіншіден, топқа адал болуға ант бергізіп, топтың жарғысына орай мүшелік жарна алып отырған;

үшіншіден, құпия түрде пәтерде, жатақханада, саябақта бір-бірімен кездесулерді тұрақты емес өткізіп отырғандықтан, қауіпсіздік мәселелеріне көңіл бөліп Азат Баттаков бастап ұсталып қалған жағдайда өзін қалай ұстау керектігі жөнінде нұсқаулық жасаған;

төртіншіден, жасырын түрде жиналып, құпиялық жағдайында үгіт-насихат жұмыстарын қызу талқылап, шешендік өнерді, марксизм туралы еңбектер мен басқа да материалдарды зерделеген;

бесіншіден, кезеңдік маңызы бар «Уби консистамус» (На том стоим), «С чего начать», «Тезисы о блате» атты бағдарламалық құжаттарды жариялаған;

алтыншыдан, сол кезеңнің қоғамдық-саяси жағдайын тап басып, әлеуметтік әділдікті орнатып оны жастық максимализммен жойғылары келген.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы атынан жазылған «Уби консистамус» (На том стоим), «С чего начать», «Тезисы о блате» атты бағдарламалық құжаттардың үзіндісін қайта қалпына келтіріп көру үшін сол түпнұсқа қалай берілді солай қоюды жөн деп білеміз:

«Уби консистамус» (На том стоим) құжаты: «В СССР дела обстоят наиболее плохо, растёт преступность среди несовершеннолетних, партийные и советские органы разъедены блатом, во многих учреждениях и ведомствах идёт настоящая борьба за власть. Понятие взятка, переплата вошли в дела и слова современного человека, бюрократизм госаппарата усиливается, правящие круги пытаются обособиться в элиту...»⁴.

«С чего начать» құжаты: «Моральный кодекс строителя коммунизма уже не может выправить положения, так как носит рекомендательный характер. Культ личности и современной репрессии не дают возможности открыто выразить несогласие. Весь ужас в том, что нынешние руководители понимают всю губительность нынешнего положения, но они пытаются модернизировать, не замахиываясь на устои»⁴.

«Тезисы о блате» құжатын: «Мы вынуждены исходить из факта само отчуждения Элиты, из раздвоения на верхи и трудящихся. Брежнев и К заняты тем, что пытаются хоть на словах свести элиту к земной основе. Они не замечают, что после выполнения этой работы главное-то осталось неоконченным. Весь ужас в том, что нынешние руководители понимают всю губительность положения, но пытаются модернизировать, не замахиываясь на устои», – топ атынан жариялайды (Коханов 1989: 2). Өкінішке орай, бұл жазылған құжаттарды бізден сұхбат барысында Б. Парсегов қаншама жыл өтіп кеткеніне орай және ол жеке өзінің ғана емес коллективтік жұмыс болғанын, құжаттардағы әрбір абзац үшін талас жүргенін еске алып толық нұсқасын қалпына келтіре алмайтындығын жеткізді.

Сол жылдары жазылған құжаттардың ешқайсысы жоқ өйткені Мемлекеттік қауіпсіздік комитетімен ұсталғанда барлығын тәркілеген.

1970 жылдардың басында Кеңес Одағында Қарағанды, Абай және Саран қалалық өнеркәсіп комбинаттарында ұйымдастырылған тері бұйымдарын дайындау және сату жөніндегі үлкен қылмыстық топтың «көлеңкелі» ісі туралы белгілі болған (Абылхожин 2019: 334-335). Сол істерді көздерімен көріп жүрген «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелері басында Қарағанды мемлекеттік университеті Заң факультетінде шығатын қабырға газетіне қылмыстық оқиғалар туралы ақпараттар таратады (Жағыпар және Парсегов 2025).

Одан әрі қарай осы жұмыстарын жалғастырып студент Борис полицияның жас достары «Зарница» педотрядында викторина сұрақтарына жауап бере отырып, 1937 жылы репрессияға ұшыраған әскери басшылар Тухачевский, Блюхерлер туралы және «жеке басқа табынуды» жеткізген (Коханов 1989: 2).

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелері университет қана емес, қаланың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан әр саладағы келеңсіз оқиғаларды көрсетіп жүріп 1978-ші жылдың қазанынан 1980 жылдың сәуіріне дейін 18 ай өмір сүреді. 1980 жылы сәуір айында ұсталады. МҚК ғимаратына әкелінген Борис үшінші қабатқа көтеріліп бара жатқанда терезеден ауладағы Рафик микроавтобусынан Азат, Ким, Сауле түсіп жатқанын көріп қалады. Б. Парсегов топтың жасаған бүкіл істерін өзі жалғыз жасаған болып мойнына алады. Тұтқындалғанда тергеуші В. Юрконның алдындағы құжаттардан өздерін «Н» деген агенттің сатып жібергенін көрген (Жағыпар және Парсегов 2025).

Сол ұсталынған уақыты жайында Б. Парсегов: «Тогда в 1980 г. на допросе я узнал, что наша группа не была одинока, так как меня расспрашивали о связях «Движения коммунаров» со СМОГОМ (союзом молодых гениев), Алма-Атинской организацией молодежи, Ростовской группировкой и др.», – дейді (Жағыпар 2025).

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерінің ісі комсомол комитетінің Қарағанды мемлекеттік университетінде 1980 жылы 27 мамырда өткен кеңейтілген отырысында қарастырылады¹. Осы отырыстың 23 беттік стенограммасын қарап отырып мынадай тұжырымға келуге болады, тек «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерін қаралау мақсатын көздеген. Оны сол Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушылары мен комсомол мүшелерінің қолдарын қанға малып отырып «жоғары» жақтың нұсқауымен жасаған деп санаймыз. Сондықтан да өз студенттерін өздері әшкерелеген оқытушылардың төменде аты-жөндерін көрсете отырып беруді жөн көріп отырмыз.

Бұл отырысты комсомол комитеті хатшысының міндетін атқарушы жолдас А.У. Шакирова төрағалық еткен. Осы отырысқа комсомол комитетінің мүшелерінен жиырма бір, партия комитеті мүшелерінен үш, қоғамдық ғылымдар кафедраларының оқытушыларынан төрт, ректорат мүшелерінен бес адам қатысады. Барлығы отыз үш адам. Төрағалық етуші «Университеттің БЛКЖО кейбір мүшелерінің жарғылық талаптарды бұзғаны туралы» деп отырыстың күн тәртібін жариялаған. Талқылауда сөйлеген ғылыми коммунизм кафедрасының доценті К.М. Бесембаев олардың жеке пікірлерін оппортунизм, маоизм, тіпті антикоммунизм әсер ететіндігін айтады¹.

Төрағалық етуші философия кафедрасының аға оқытушысы Р.Х. Белоусоваға сөз бергенде бұл топтың жұмысы әртүрлі – измдер, оппортунизм, масизм, антикоммунизм және т.б., сонымен қатар адасушылық болғандығын айтып, сектанттық, анархистік деп баға береді¹.

ҚарМУ комсомол комитетінің кеңейтілген отырысының талқылау атмосферасын беру үшін Б. Парсеговтың талқылау мүшелерімен диалог үзіндісін береміз. Борис Парсеговке «бұл топ кімнің бұйрығымен және қандай кеңестік заңмен құрылды? Неліктен сіз осындай топты құруға шешім қабылдадыңыз, мен оны анти-топ деп атар едім?» деген сұрақтарға: «Ешкімнің айтуымен емес, тек өзім ғана құрдым. Барлығымызды еліміздің өмірі алаңдатады. Ал қазір бізде белгілі бір мафия барлығы байқалады: тамыр-танысқа қоңырау соғу, бұл тек тапшы өнімдерге, тауарларға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық жағдайға, жұмыс орындарына да қатысты. Біз бұл кемшіліктермен күресетін ұйым қажет деп шештік. Комсомолда біз тек мүше болдық, бірақ біз өз жұмысымызды жасадық. Өз тобымыз қажет болды», – деген жауаптар береді¹.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелері деп анықтамада аты аталғандар А. Баттаков, С. Токтамысова, С. Мадеев, Э. Усманова. Т. Пирани, И. Березиндер сөз сөйлеп және С. Ким, Е. Фоменко, Н. Осипова, Жанибеков, Бекбулатов, Кузнецов, Султанов, Палаткина, Криптелеттерге сұрақтар қойып топқа қалай келулерінен бастап барлығын айтқызады. Әр түрлі жауаптар соның ішінде олар осы жасағандары үшін кінәлі екендерін, түсіністікпен қарауды және жазылған құжаттарды анти саяси, анти қоғамдық деп қарастыру басым¹. Осы жауап берушілердің жауаптары өздері жасаған істерінің қате екендерін сезінетіндерін жан жүректерімен айтып отырмағанын көруге болады. Олай деп тұжырым жасауымызға Борис Парсеговтің сұхбатында сол кезеңдегі сөйлеген сөздерін МҚК қызметкерлері қағазға жазып бергендіктерін айтады (Жағыпар және Парсегов 2025).

Борис Парсеговтен алған құжаттарда: «МҚК архивінде біздің топ бойынша материалдар, сондай-ақ жауап алу хаттамалары (шамамен 20 адам) және комсомол комитетінің 1980 жылғы 27 мамырдағы аталған кеңейтілген отырысының магнитофондық жазбасы сақталуы тиіс», – деп көрсетілген (Жағыпар 2025). Сол арызға Қарағанды облысы бойынша МҚК басқармасы бастығының міндетін атқарушы М.М. Жанділдиновтен 1989 жылы 31 тамызда жауап хатында Сіздің түсініктемеңіз және ұсынылған «Движение коммунары» бағдарламалық құжаттары тарихи құндылығы жоқ деп жойылды дейді (Жағыпар 2025).

Стенограммада әрі қарай, комсомол комитетінің мүшелері А. Полецк пен Х. Хукеновке, ғылыми атеизм кафедрасы меңгерушісі И.Н. Живогляд, тарих факультетінің деканы К.Ж. Жуасов, ҚарМУ ректорының міндетін атқарушы Ж.С. Акылбаев, университет парткомының хатшысы А.Ф. Лепешкин сөз сөйлейді. Соның ішінде тарих факультетінің деканы К.Ж. Жуасовтың сөзінде: «Құжаттары тіптен қорқынышты. Біз мамандар дайындаймыз. Америкада мамандар дайындайды. Бірақ бір айырмашылық бар: біздің жанымызда және жүрегімізде марксистік-лениндік дүниетаным болуы керек», – дейді¹.

Төрағалық етушінің жарыссөзді тоқтатып, П.С. Шабалинге отырыс шешімінің жобасын оқу үшін сөз беріп, көпшілік дауыспен жоба толығымен қабылданады. Сол жоба аясында айыптап шығарған шешім бойынша Қарағанды мемлекеттік университетінің 16 студенті әр түрлі жазаға тартылады¹.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобында болды немесе ол топ туралы тиісті органдарға жеткізбеді деп түрлі жазаға ұшыраған Қарағанды мемлекеттік университетінің 16 студентінің нақты мүшесі болған тоғызының жеке істерін архивтен таптық. Сол табылған тоғыз студенттің архивтік деректерімен топ құрамын сараптасақ.

Кесте 1. «Движение коммунары» астыртын жастар тобының құрамы
Table 1. The composition of the underground youth group «Dvizhenie Kommunary»

Барлығы - 9	ер адам: 7 – 77,8%			әйел: 2 – 22,2%			
Жасы	19	20	21	22	23		
	1	3	1	3	1		
Ұлты	қазақ	орыс	кәріс	украин	әзербайжан	татар	армян
	3 – 33,3 %	1 – 11,1%	1 – 11,1%	1 – 11,1%	1 – 11,1%	1 – 11,1%	1 – 11,1%
Комсомолда/ қай жылдан бастап БЛКЖО мүшесі	1972	1973	1974	1975	1976	белгісіз	
	1	1	2	1	1	3	
Факультеті/ курс	1	2	3	4	5		
6 заң, 2 физика, 1 тарих	1 – 11,1%	2 – 22,2%	1 – 11,1%	2 – 22,2%	3 – 33,3 %		

«Движение коммунары» астыртын жастар тобында болып ұсталған жастардың табылған архив бойынша құрамы туралы кестеден: «Тоғыз студенттің жынысы бойынша пайыздық көрсеткіші ерлер 77,8, ал қыздар 22,2; жас ерекшеліктері 100 пайыз 19-23 аралығындағы жастар; ұлтына байланысты интернационалдық құрам пайызы 33,3 қазақ, 11,1 армян, орыс, кәріс, украин, әзербайжан, татар; әр жылдары болса да барлығы Бүкілодақтық Ленин Коммунистік Жастар одағының 100 пайыз мүшелері; факультеті пайыз бойынша 66,6 заң, 22,2 физика, 11,1 тарих; курс оқуына сай пайызы 11,1 – 1 курс, 22,2 – 2 курс, 11,1 – 3 курс, 22,2 – 4 курс, 33,3 – 5 курс» болғанын көреміз.

Талқылау

Қарағанды мемлекеттік университетінің соңғы бесінші курсына оқитын Б. Парсегов 1980 жылдың 5 маусымдағы № 477 бұйрығымен оқудан шығып қалады (Жағыпар 2025). Б. Парсегов Е.А. Поноженко көмегімен 1981 жылы 29 сәуірде университет ректорына оқуға өтініш жазып, отбасын құрғанын, баласы дүниеге келгенін және өндірістік мінездемесін қоса береді. Сол өтініші қабыл алынады². 1981 жылғы 29 маусымда «құқықтану» мамандығын бітіріп шығады².

Э. Усманованың айтуынша Ғылыми коммунизм пәнінен емтихан тапсырғанда қабылдаушы үш адамның екеуі екі, Федюков бес қойып үш алып шыққан (Жағыпар және Усманова 2023). Э. Усманованың жеке ісіндегі сынақ кітапшасында 1975 жылы

1 қыркүйегінен бастап теориялық курстардың бәрін тек беске оқып келіп, «Ғылыми коммунизм» пәнінен 1980 жылы 9 маусымда қанағаттанарлық баға қойылған⁵.

Одан кейін диплом қорғау кезінде МҚК араласқан, бірақ Мир Қасымұлы Қадырбаев жақсы қолдаған. М. Қадырбаев Эммануэльді шақырып алып оған МҚК құлатуға тапсырма бергенін, алайда ол сенің саясатта шаруам жоқ мен өзім қалағандай қоямын деп бес қойып берген. Содан кейін М.Қ. Қадырбаевты қатты құрметтейтінін айтады ([Жағыпар](#) және Усманова 2023). Бұдан шығатын ой, өз мансабы мен беделіне нұқсан келетіндігіне қарамай «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерінің басына түскен қиын кезеңде қолдау көрсеткен істері азаматтық ерлік деп санаймыз.

Осы оқиғадан тоғыз жыл өткеннен кейін, 1989 жылы 30 маусымда Жезқазған қаласынан Борис Парсегов Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы орталық комитетіне, көшірмелері КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті мен «Комсомольская правда» газетінің редакциясына саяси құқығын қалпына келтіруге байланысты арыз жолдаған ([Жағыпар](#) 2025). Сол арызына байланысты Қарағанды мемлекеттік университеті комсомол комитеті пленумының 1989 жылғы 27 қазандағы №6 хаттамасымен ҚарМУ комсомол комитетінің 1980 жылғы 27 мамырдағы шешімінің күшін жойып, Б. Парсегов пен С. Мадеевті БЛКЖО қатарына еңбек өтілін үзіліссіз қалпына келтіріп, естелік үшін комсомол билетін беріп, «Движение коммунары» ұйымы қалған мүшелерінен комсомолдық жазаларды алып тастауға шешім шығарады⁴. Жоғарыдағы барлық деректерді саралай отырып түйетініміз БЛКЖО қатарынан шығарып, жарқын болашақтарына балта шабамыз дегендерімен олар өздерінің өзгеше ойлаған көзқарастары арқасында өз қатарластарымен салыстырғанда көп нәтижеге жетті. Сол астыртын жастар тобының кейбіреуін мысалға келтірсек, Борис Анатольевич Парсегов қазіргі уақытта зейнеткер, оған дейін қатардағы қарапайым жер асты тау-кен жұмысшыдан бастап, жергілікті жерлердегі Жезқазған, Қарағанды аймақтарындағы қызметтерін айтпағанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) төрағасының орынбасары ([Мәтішев](#) Парсегов 2012) мемлекеттік қызметтерде және квазимемлекеттік мекемелерде басшылықта болған. Ал Эмма Радиковна Усманова еліміз бен шетелдерге танымал белгілі археолог. Ғалымның Scopus мәліметтер базасындағы h-индексінің көрсеткіші 15-ке тең, ғылыми қоғамдастықтың бүкіл әлемде мойындауына ие деп айта аламыз ([Усманова](#) 2025).

Қорытынды

Қорыта келе, Қазақ КСР-інің бір ғана өлкесі Қарағанды облысында орын алған «Движение коммунары» атты астыртын жастар тобы соншама барлық мемлекеттік мекемелер шошитындай жасырын түрде парақшалар таратқанынан басқа нақты істерге бармаса да, олардың өзгеше ойлаған ойлары мен пікірталастарда туған жеке пікірлерінің өзінен де билік орындары қорқып кетті. Қарағанды өлкесінде осындай өзгеше ойлайтын жандардың пайда болуының бірнеше себептерін анықтадық:

– біріншіден бұл кездейсоқтық емес, өйткені осы жерде КСРО аймағының барлық жерінен саяси айыппен сотталып келіп ҚарЛаг отырған ғылыми, шығармашылық өкілдері босағаннан кейін жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде жұмыс

жасап өз өмірлік тәжірбиесімен бөлісе отырып Орталық Қазақстан өңіріне ғана тән жастарға ой еркіндігін саналарына сіңіруге көп көмектескен. Астыртын топ құрған жастардың да жеке өмірлерінде кеңес билігі жүргізген қуғын-сүргінге отбасы мүшелері ұшырағандарын көре аламыз. Сондықтан да осындай өздері көріп жүрген қоғамдық-саяси өмірді жақсартуға өз үлестерін қосқысы келді.

– екіншіден, Борис Парсеговтің өзгеше ойлап «Движение коммунары» астыртын жастар тобын құруына түрткі болған негізгі факторлар атасы мен әкесінің кеңестік саясаттан жапа шеккені, саяси қуғын-сүргін көрген азаматпен әңгімесі және жасырын құжаттарды оқуы, Красноярск өлкесінде болғанда КСРО-да өзгеше ойлаған жастар топтары туралы ақпаратқа қанығуы еді.

– үшіншіден, ұсталынғандардың және жапа шеккендердің типтік биографиясын ҚарУ архивіндегі жеке архив құжаттарын қарап отырып былай жасауға болады: «Олар – жұмысшы тап отбасынан шыққан, мектепті үздік немесе жақсыға бітіргендер, мектепте белсенділіктері үшін алғыс хатпен марапатталғандар, жоғары оқу орнында үздік немесе жақсы оқып жатқандар, оқып жатқан университеттің саяси-қоғамдық өміріне белсене араласқандар, ғылымға бет қойып тамырын тереңнен іздегендер, қандай мамандыққа оқыса да әдебиет пен тарих, өнерге жақындар, жаңа идея тудырушылар, өз идеалдарына жан-тәнімен сенгендер, отбасылылық жағдайы үйленбеген, ұсталып әшкереленгенге дейіншығармашылықәлеуетіарқасындаолардыңқызметіжоғарлағандар,әшкереленген кездегі жастары 19–22 аралығында болғандар».

– төртіншіден, ой еркіндігін саналарына сіңірген студенттердің «Движение коммунары» астыртын жастар тобын құруы жоқ жерден пайда болмады, оның алғышарттары олардың социализм мен коммунизм идеалдарына берілгенімен кеңестік қоғамда болып жатқан көріністер жалпы тапшылық, ұрлық пен талан- таражыға салу, әлеуметтік әділетсіздік, билік номенклатурасының артықшылықтарын көре отырып айтылған сөз бен нақты істің арасындағы айырмашылықты байқаған жастардың бойында өзгеше ойлап қарсыласып шешуге талпынулары еді.

Қорыта айтқанда, 1978–1980 жылдары өмір сүрген «Движение коммунары» астыртын жастар тобы өзгеше ойлайтындар қозғалысының бір бөлшегі ретінде Қарағанды қаласында жұмыс жасады. Оның негізгі қозғаушы күші Қарағанды қаласының жоғарғы оқу орындарында оқып жүрген студенттер болды. Бұл топ сол кездегі сыбайлас жемқорлыққа, тамыр-таныстыққа қарсы және бүкіл социализм идеясын жер планетасының барлық аймағына таралуын қалаған интернационалдық бағыттағы халықаралық сипатқа ие болды. «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелері істері арқылы азаматтық қоғамды құру жолында талпыныстары еш кетпей өзгеше ойлайтын кеңестік жастарға бағыт-бағдар мен болшағын айқындауға өз үлестірін қосты.

Acknowledgements

We thank the journal editors and anonymous reviewers for their extremely helpful comments and suggestions for revising the manuscript.

Алғыс білдіру

Мақаланы қайта қарау барысында өте пайдалы ескертулері мен ұсыныстары үшін журнал редакторларына және аты-жөні көрсетілмеген рецензенттерге алғысымызды білдіреміз.

Благодарности

Мы благодарим редакторов журнала и анонимных рецензентов за их чрезвычайно полезные комментарии и предложения по пересмотру текста статьи.

Қосымша

1. Протокол расширенного заседания комитета комсомола Карагандинского государственного университета от 27 мая, 1980 г. Қарағанды облысы мемлекеттік архиві (ҚОМА). 538 қ. 1 т. 122 іс. 64-87 пп.
2. Личные дела студентов юридического факультета за 1981 г. Парсегов Борис. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің архиві (ҚУА). 764 қ. 2 т. 703 іс. 249-275 пп.
3. Личные дела выпускников юридического факультета окончивших в 1981 г. Баттаков Азат. ҚУА. 764 қ. 2 т. 701 іс. 30-52 пп.
4. Пленум комитета комсомола Карагандинского государственного университета от 27 октября, 1989 г. ҚОМА. 538 қ. 1 т. 222 іс. 31-37 пп.
5. Дела студентов исторического факультета окончивших университет 1980 г. Усманова Эмма. ҚУА. 764 қ. 2 т. 3576 іс. 115-162 пп.

Әдебиеттер тізімі

- The Intimate Life of Dissent: Anthropological Perspectives.* Amarasuriya H., Kelly T., Maunaguru S., Oustinova-Stjepanovic G., Spencer J. London: UCL Press. 2020. 209 p.
- Абдакимов** А. *История Казахстана (с древнейших времен до наших дней)*. Алматы: РИК. 1994. 235 с.
- Абылхожин** Ж.Б. *Постсталинский период в истории советского Казахстана: череда обреченных реформ и несостоявшихся деклараций (1953-1991 гг.)*. Алматы: КБТУ. 2019. 468 с.
- Алексеева** Л. *История инакомыслия в СССР: новейший период*. 3-е изд., стер. Москва: Моск. Хельсинк. Группа. 2012. 384 с.
- Анатомия** конфликтов. *Центральная и Юго-Восточная Европа: документы и материалы последней трети XX века*. Т. I. Начало 1970-х – первая половина 1980-х годов. Санкт-Петербург: Алетей. 2012. 736 с.
- Аяған** Б.Ғ. *Он бірінші тарау 2. Қоғамдық-саяси өмір ерекшеліктері*. В: Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Алматы: Атамұра. 2010. 593–601 б.
- Бұрханов** К.Н., Аяған Б.Ғ. *Оныншы тарау. 2. Қоғамдық-саяси өмір ерекшеліктері*. В: Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Алматы: Атамұра. 2010. 576-583 б.
- Вселенная** Братьев Стругацких Фанатское сообщество. https://www.strugatskie.com/wp-content/uploads/2022/12/1963_-_Трудно_быть_богом_без_илл..pdf. Қаралды 18.02.2025.
- Доклад** Первого секретаря ЦК КПСС Н.С. Хрущева на XX съезде КПСС 25.02.1956. https://web.archive.org/web/20220205101225/https://www.1000dokumente.de/index.html?c=dokument_ru&dokument=0014_ent&object=translation&st=&l=ru Қаралды 24.02.2025.
- Ефремова** Т. *Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный*. Москва: Русский язык. 2000. <https://www.efremova.info/>. Қаралды 23.02.2025.
- Жағыпар** Ә. «Движение коммунары» астыртын жастар тобы негізін қалаған Борис Парсеговпен сұхбаты. Астана. 25.01.2025.
- Жағыпар** Ә. Борис Парсеговпен сұхбаты барысында алынған құжаттар. Астана. 25.01.2025.
- Жағыпар** Ә. «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшесі болған Эмма Усмановамен

сұхбаты. Бетпақдала. 6.08.2023.

- Инакомыслие* в условиях «реального социализма». Поиски новой государственности (конец 60-х – 80-е гг. XX в.). Москва: Институт славяноведения РАН. 2014. 728 с.
- Казиев С.Ш. Советская национальная политика и проблемы доверия в межэтнических отношениях в Казахстане (1917-1991 годы): дисс. док. истор. наук. Москва. 2015. 549 с.
- Контрразведывательный* словарь (Отв. редактор В.Ф. Никитченко). Москва: Научно-издательский отдел. 1972. 371 с.
- Коханов С. Души прекрасные порывы, или История о том, как «альма-матер» объявила своих питомцев неблагонадежными. Ленинская смена. 29.12.1989.
- Кыдыралина Ж.У. Становление и судьбы идей по национальному вопросу в Казахстане (1917-1991 гг.): исторический анализ: дисс. док. истор. наук. Астана. 2008. 400 с.
- Мәтішев Ә. Парсегов Б.А. туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 ақпандағы № 227 Қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000227/compare>. Қаралды 23.02.2025.
- На колени не встану*. 21.10.2023. <https://dzen.ru/a/ZTAshqskLHBaVBQl>. Қаралды. 23.02.2025.
- Романкина И.А. Типология диссидентского движения в СССР (1950-е – 1980-е годы): дисс. канд. ист. наук. Коломна. 2007. 197 с.
- Русско-казахский* словарь: 70000 слов. Под редакцией Н.Т. Сауранбаева, Г.Г. Мусабаева, Ш.Ш. Сарыбаева третье изд. перераб. и дополн. Алматы. Дайк-Пресс. 2005. 1152 с.
- Сайлан Б.С. Кеңес өкіметі тұсындағы жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуы: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.): тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. Алматы. 2010. 339 б.
- Смағұлов О. Қазақтың айбарлы диссидент. Мақмет Құлмағамбеттің өмір жолы. Алматы: AmalBooks. 2020. 400 б.
- Усманова Эмма Радиковна: ученый, археолог, новатор. <https://buketov.edu.kz/ru/media/usmanova-emma-radikovna-ueniy-arheolog-novator-799>. Қаралды 23.02.2025.

References

- The Intimate Life of Dissent: Anthropological Perspectives*. Amarasuriya H., Kelly T., Maunaguru S., Oustinova-Stjepanovic G., Spencer J. London: UCL Press. 2020. 209 p. (in English)
- Abdakimov A. *Istoria Kazahstana (s drevneishih vremen do nashih dnei)*. Almaty: "RIK" Publ. 1994. 235 p. (in Russian)
- Abylhozhin Zh. *Poststalinski period v istorii sovetskogo Kazahstana: chereda obrechennyh reform i nesostoiavshihsia deklaracii (1953-1991 gg.)*. Almaty: "KBTU" Publ. 2019. 468 p. (in Russian)
- Alekseeva L. *Istoriya inakomysliya v SSSR: noveishii period. 3-e izd., ster.* Moscow: "Mosc. Helsink. Gruppa" Publ. 2012. 384 p. (in Russian)
- Anatomiya konfliktov. Centralnaya i Jugo-Vostochnaya Evropa: dokumenty i materialy poslednei treti XX veka. T. I. Nachalo 1970-h – pervaya polovina 1980-h godov*. St. Petersburg: Alethea. 2012. 736 p. (in Russian)
- Ayagan B.G. *Onynsy tapay. 2. Qoғamdyq-saiasi ömir erekselikteri*. In: *History of Kazakhstan (from ancient times to the present)*. Bes tomdyq. 4-tom. Almaty: Atamura. 2010. Pp.593–601. (in Kazakh)
- Burkhanov K.N., Ayagan B.G. *Onynsy tapay. 2. Qoғamdyq-saiasi ömir erekselikteri*. In: *History of Kazakhstan (from ancient times to the present)*. In five volumes. Vol.4. Almaty: Atamura. 2010. Pp.576–583 (in Kazakh)
- Vselennaya Bratev Strugackih Fanatskoe soobshhestvo*. <https://www.strugatskie.com/wp-content/>

- uploads/2022/12/1963_-Трудно_быть_богом_без_илл..pdf Date of request: 18.02.2025. (in Russian)
- Doklad Pervogo sekretarja CK KPSS N.S. Hrushheva na XX siezde 25.02.1956. https://web.archive.org/web/20220205101225/https://www.1000dokumente.de/index.html?c=dokument_ru&dokument=0014_ent&object=translation&st=&l=ru Date of request: 24.02.2025. (in Russian)
- Yefremova T. *Novyi slovar russkogo yazyka. Tolkovo-slovoobrazovatelnyi*. Moscow: Russian Language. 2000. <https://www.efremova.info/> Date of request: 23.02.2025. (in Russian)
- Zhagypar A. «Dvijenie komunary» astyrtyn jastar toby negizin qalağan Boris Parsegovpen sūhbaty. Astana. 25.01.2025. (in Kazakh)
- Zhagypar A. Boris Parsegovpen sūhbaty barysynda alynğan qūjattar. Astana. 25.01.2025. (in Kazakh)
- Zhagypar A. «Dvijenie komunary» astyrtyn jastar toby müşesi bolğan Emma Usmanovamen sūhbaty. Betpakdala. 6.08.2023. (in Kazakh)
- Inakomyslie v usloviah «realnogo socializma». Poiski novoi gosudarstvennosti (konec 60-h – 80-e gg. XX v.). Moscow: Institute of Slavic Studies Russian Academy of Sciences. 2014. 728 p. (in Russian)
- Kaziev S.S. *Sovetskaia natsionalnaia politika i problemy doveriia v mezhetnicheskikh otnosheniakh v Kazakhstane (1917-1991 gody)*. Dissertation for the Degree of Doctor of Historical Sciences. Moscow. 2015. 549 p. (in Russian)
- Kontrrazvedyvatelnyi slovar (Otvettstvennyi redaktor V.F. Nikitchenko). Moscow: Scientific Publishing Department. 1972. 371 p. (in Russian)
- Kohanov S. *Dushi prekrasnye poryvy, ili Istorija o tom, kak «alma-mater» obyavila svoih pitomcev neblagonadezhnymi*. Lenin's shift. 29.12.1989. (in Russian)
- Kydyralina Zh.U. *Stanovlenie i sudby idei po nacionalnomu voprosu v Kazakhstane (1917-1991 gg.): istoricheskii analiz*: Dissertation for the Degree of Doctor of Historical Sciences. Astana. 2008. 400 p. (in Russian)
- Matishev A.B. Parsegov B.A. turaly. *Qazaqstan Respublikasy Ūkimetiniñ 2012 jylǵy 17 aqpandaǵy № 227 Qaulysy*. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000227/compare>. Date of request: 23.02.2025. (in Kazakh)
- Na koleni ne vstanu. 21.10.2023. <https://dzen.ru/a/ZTAshqskLHBaVBQl>. Date of request: 23.02.2025. (in Russian)
- Romankina I.A. *Tipologia dissidentskogo dvizhenia v SSSR (1950-e – 1980-e gody)*: Dissertation for the Degree of Candidate of Historical Sciences. Kolomna. 2007. 197 p. (in Russian)
- Russko-kazahskii slovar: 70000 slov. Pod redakcie N.T. Sauranbaeva, G.G. Musabaeva, Sh.Sh. Sarybaeva tretie izd. pererab. i dopoln. Almaty. Daik-Press. 2005. 1152 p. (in Russian)
- Sailan B.S. *Keñes ökimeti tūsyndaǵy jastar saiasatynyñ Qazaqstanda jūzege asyryluy: tarihy men taǵylymy (1917-1991 jj.)*: Dissertation for the Degree of Doctor of Historical Sciences. Almaty. 2010. 339 p. (in Kazakh)
- Smagulov O. *Qazaqtyñ aibarly disident. Maqmet Qūlmaǵambettiñ ömir joly*. Almaty. "AmalBooks" Publ. 2020. 400 p. (in Kazakh)
- Usmanova Jemma Radikovna: *uchenyj, arheolog, novator*. <https://buketov.edu.kz/ru/media/usmanova-emma-radikovna-ueniy-arheolog-novator-799>. Date of request: 23.02.2025. (in Russian)

Information about authors

Zauresh G. Saktaganova – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Center for Ethnocultural and Historical-Anthropological Research, E.A. Buketov Karaganda State University, Gogol

st., 38, 100012, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>, zauresh63@mail.ru
Yulia A. Lysenko – Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Department of Oriental Studies, Altai State University, 61 Lenin Ave., 656049, Barnaul, Russian, <https://orcid.org/0000-0002-1088-3578>, iulia_199674@mail.ru

Adilet B. Zhagypar – doctoral student of the historical faculty of E.A. Buketov Karaganda University, Gogol st., 38, 100012, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0006-6791-6154>, karakesek334@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Зәуреш Ғалимжанқызы Сақтағанова – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Гоголь көшесі, 38, 100012, Қарағанды қ, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>, zauresh63@mail.ru

Юлия Александровна Лысенко – тарих ғылымдарының докторы, профессор, шығыстану кафедрасының меңгерушісі, Алтай мемлекеттік университеті, Ленин даңғылы, 61, 656049, Барнаул қ, Ресей, <https://orcid.org/0000-0002-1088-3578>, iulia_199674@mail.ru

Әділет Бауыржанұлы Жағыпар – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультетінің докторанты, Гоголь көшесі, 38, 100012, Қарағанды қ, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0006-6791-6154>, karakesek334@mail.ru

Сведения об авторах

Сактаганова Зауреш Ғалимжановна – доктор исторических наук, профессор, директор Центра этнокультурных и историко-антропологических исследований, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, ул. Гоголя, 38, 100012, Караганда, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>, zauresh63@mail.ru

Лысенко Юлия Александровна – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой востоковедения, Алтайский государственный университет, пр. Ленина, 61, 656049, Барнаул, Россия, <https://orcid.org/0000-0002-1088-3578>, iulia_199674@mail.ru

Жағыпар Әділет Бауыржанұлы – докторант исторического факультета, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, ул. Гоголя, 38, 100012, Караганда, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0006-6791-6154>, karakesek334@mail.ru

Author Contributions

Z.G. Saktaganova – formulation of the research aim, concept, and objectives; preparation and development of the manuscript, including critical review of the draft, incorporation of comments and revisions by research team members during pre- and post-publication stages; oversight, leadership, and mentorship throughout the planning and implementation of the study. Yu.A. Lysenko – development of the research methodology for the article; creation, annotation, and classification of metadata; critical review of the manuscript draft; translation into a foreign language. Ä.B. Zhagypar – writing the article text; compilation of archival materials for the study; selection and preparation of the bibliography; formulation of the article's conclusions; formatting the article in accordance with the journal's technical requirements; implementing revisions and additions aligned with the research objectives; editing and translation.

Авторлардың қосқан үлесі

Сактаганова З.Г. – Зерттеудің мақсаты / идеясын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау.

Қолжазбаны құру және дайындау: қолжазба жобасын сыни талдау, зерттеу тобы мүшелерінің, оның ішінде жарияланғанға дейінгі және кейінгі кезеңдерде ескертулер мен түзетулер енгізу. Зерттеуді жоспарлау және жүргізу процесінде бақылау, көшбасшылық және тәлімгерлік. Лысенко Ю.А. – мақаланы жазу үшін зерттеу әдістемесін әзірлеу, метадеректерді құру, аннотациялау, деректерді жіктеу, қолжазба жобасына сыни шолу жүргізу. Шет тіліне аудару. Жағыпар Ә.Б. – мақала мәтінін жазды, мақаланы жазу үшін архивтік материалды жинақтап, библиографияны іріктеу жұмыстарын жүргізді, мақаланың тұжырымын әзірледі, журналдың техникалық талаптарына сай мақаланың рәсімделуін қамтамасыз етті, мақсат-міндеттерге сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, түзету, аударма жұмыстарын жасады.

Вклад авторов

З.Г. Сактаганова – формулировка цели, идеи, задач и направлений исследования; подготовка и разработка рукописи: критический анализ проекта рукописи, внесение замечаний и исправлений на этапах до и после публикации, участие членов исследовательской группы; контроль, руководство и наставничество в процессе планирования и проведения исследования. Ю.А. Лысенко – разработка методологии исследования для написания статьи; создание, аннотирование и классификация метаданных; критический обзор проекта рукописи; перевод на иностранный язык. Ә.Б. Жағыпар – написание текста статьи; сбор архивных материалов для подготовки публикации; составление библиографии; формулировка выводов статьи; оформление статьи в соответствии с техническими требованиями журнала; внесение изменений и дополнений в соответствии с целями и задачами исследования; редактирование и перевод.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / **Disclosure of conflict of interest information.** The author claims no conflict of interest

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 13.04.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 20.04.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.04.2025